

мәдени коды. Камзол, көйлек, кесте, ою-өрнек - барлығы қазақтың материалдық мәдениетінің айқын көрінісі. Саяхатшылардың жазбаларындағы ортақ ерекшеліктер қазақ киімінің үйлесімділігі мен әсемдігін көрсетеді. Левшин, Георги, Паллас, Радлов және Потанин еңбектерін салыстыру барысында қазақ қыздарының киімі Еуразия даласындағы ең көркем этнографиялық дәстүрлердің бірі болғаны дәлелденді. Әсіресе түстер үйлесімі, жібек маталардың қолданылуы, маржан мен күміс әшекейлердің көптігі, кесте өнерінің дамығандығы - қазақ мәдениетінің өте жоғары эстетикалық деңгейін паш етеді. Сонымен бірге зерттеу барысында орыс зерттеушілерінің көзқарастарында белгілі бір қателіктер мен түсінбеушіліктер бар екені анықталды. Бұл - табиғи құбылыс, себебі олар қазақ мәдениетін сырттай бақылап, өздерінің еуропалық эстетикалық өлшемдерімен бағалауға тырысқан. Кейбір зерттеушілер қазақ киімінің терең символдық мәнін, әсіресе бас киімдер мен әшекейлердің ритуалдық мағынасын толық түсіне алмаған. Бұл - этнографиялық білімнің сол кездегі дамуының ерекшелігі және мәдениаралық айырмашылықтардың нәтижесі. Зерттеу көрсеткен маңызды нәтижелердің бірі - аймақтық киім үлгілерінің ерекшеліктері. Қазақ даласының кеңдігіне байланысты киім үлгілері өңірге қарай өзгеріп отырған: Жетісудағы қыздардың киімі жібекке жақын болса, Батыс Қазақстанда күміс әшекейлер басым. Арқа мен Сыр өңірлерінің киімінде геометриялық өрнектер мен қанық түстер кездеседі. Бұл айырмашылықтар қазақ мәдениетінің ішкі көпқырлылығын көрсетеді. Сонымен қатар аймақтық ерекшеліктер қыз-келіншек киімдерін жүйелі түрде зерттеу қажеттігін айқын дәлелдейді.

Қазақ қыздарының киімдері туралы деректерді жинақтай келе, бұл киімдердің қазақ қоғамының рухани-мәдени өмірінде ерекше рөл атқарғанын байқауға болады. Киім - адамның ұлттық болмысын айқындайтын ең маңызды факторлардың бірі. Әсіресе қазақ қыздарының киімі - ұлттық эстетика мен нәзіктіктің айқын көрінісі. Ол тарихи жадтың, тектіліктің және әулеттік дәстүрдің жалғастығын қамтамасыз еткен. Бұл зерттеу орыс саяхатшылары мен этнографтарының еңбектеріне сүйене отырып, қазақ қыздарының киім мәдениетінің тарихи бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл жазбаларды толық шындық ретінде емес, белгілі бір тарихи кезеңнің көзқарасы деп қарау қажет. Қазақ киімдерінің шынайы мағынасын түсіну үшін халық ауыз әдебиеті, археологиялық заттық деректер және жергілікті этнографиялық зерттеулерді де ескеру маңызды. Қорытындылай келе, қазақ қыздарының дәстүрлі киімі - ұлттың рухани және мәдени тарихының ажырамас бөлігі. Орыс зерттеушілерінің жазбаларын талдау бұл киімдердің күрделі эстетикалық, әлеуметтік және символдық жүйе екенін көрсетеді. Қазақ киімін зерттеу - ұлттық мәдениетті терең түсінудің, оның бастапқы формасын қалпына келтірудің, және бүгінгі ұрпаққа дұрыс жеткізудің маңызды жолы. Қазақ киімдері - жай этнографиялық мұра емес, ол - қазақ дүниетанымының көркем тілі, халықтың сұлулық туралы түсінігінің айғағы және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің көрінісі. Осы зерттеу ұлттық мұраға деген жаңа көзқарас қалыптастыруға және кейінгі ғылыми еңбектерге негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - Санкт-Петербург, 1832.
2. Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. - Санкт-Петербург, 1773-1778.
3. Георги И. Г. Описание всех народов, живущих в Российской империи. - Санкт-Петербург, 1799.
4. Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий (этнографиялық материалдары).
5. Потанин Г. Н. Очерки северо-западной Монголии. - Санкт-Петербург, 1881.
6. Қазанғапова Н., Қасиманов С. Қазақтың ұлттық киімдері. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫ

Амангельды М.К.

Ғылыми жетекші: Қоскеева Ә.М.

С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.

koskeeva@mail.ru

Астана қ.

Ұлы Жібек Жолы - Қытай жерінен басталып, Қиыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы, адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіш. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол Еуропа мен Азияның - Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болды.

Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында VI ғасырдан бастап, екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары бағыттары кең өрістеген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан (Қашғар) арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай (Хорезм арқылы Маңғыстауға, одан әрі Волга мен Дон арқылы Кавказға) Таяу Шығыс пен Византияға өткен. Екінші бағыт Шығыс Түркістаннан басталып, Жетісу (Шу мен Іле алабы) арқылы Жоңғар, Іле, Талас жоталарынан Ташкентке, Самарканд, Бұхара, Мерв арқылы Кіші Азия мен Византияға өтті. Шығыс пен Батысты жалғастырған Отырар, Тараз, Сайрам (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Суяб, Баласағұн т.с.с көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және ғылым орталықтары болды. Бұл жолдың басым бөлігі Орта Азия мен Қазақстан жерінің үстімен өтті. Ұлы Жібек Жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай, Шығыс пен Батыс өркениеті тоғысып, мәдениет және дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Мысалы, VI ғ. екінші жартысында Батыс Түрк қағанаты дәуірінде Византиямен сауда және дипломатиялық қатынас орнаған соң соғдылық Маниахтың басшылығымен түрік елшілігі Тараздан Константинопольге аттанса, 568 ж. түрік қағаны Дизабұл Византия императоры II Юстинианның стратегі Земарх бастап келген елшілігін Таразда қабылдаған. Ұлы Жібек жолы ежелгі және ортағасырлық Қазақстан мәдениетін қалыптастыруда және дамытуда үлкен роль атқарды. Қазір Жібек жолының тарихын зерттеу, оны жаңғырту, осы жол бойындағы елдердің саяси, экономикалық, мәдени байланыстарын ұлғайту қайта қолға алынып отыр. 1987 жылы ЮНЕСКО-ның бас конференциясының XXIV сессиясы «Ұлы Жібек жолын зерттеудің халықаралық жобасын» қабылдады. Оған Грекия, Португалия, Египет, Италия, Қытай, Индонезия, Моңғолия, Оман, Шри Ланка, бұрынғы Кеңестер Одағы қатысты. Ұлы Жібек жолы көне дәуірде де, қазір де Еуразия халқы үшін мәдени байланыс, саяси рухани мәселелерді шешуде маңызы үлкен. [1, 5 б]

Шығыс пен батысты жалғастырған сауда жолы арқылы әртүрлі континенттегі мемлекеттерге қару-жарак пен құнды тауарлар тасымалданды. Бұл тарихи сауда жолы мемлекеттердің экономикалық дамуына әсер етіп қана қоймай, мемлекет қазынасын нығайтуға да үлкен мүмкіндіктер ашты. Алайда, мұндай құнды жол арқылы сауда тасымалдау қақтығыстар мен соғыстардың басталуына да себепкер болды. Қытай, түрік, араб, Византия, Сасанидтер сияқты тарихта қуатты империялар құрған мемлекеттер бұл жолда үстемдік ету үшін саяси-дипломатиялық жоспарлар құрып, тіпті әскери жорық жасаған да болатын. Бұл саяси қақтығыстардан Селжұк, Хорезмшах, Темір мемлекеті, Анадолы Селжұктары, Сефевидтер және Османлылар бұл саяси күрестен өздерін аулақ ұстай алмады. Сонымен қатар, Еуропалық мемлекеттердің бұл процеске араласуы. Жібек жолының әлсіреуіне тікелей әсер еткен болатын. Сауда жолы арқылы түсетін басты табыс көздерін мұсылман түрік мемлекеттеріне жоғалтқысы келмеген Батыс Еуропалық мемлекеттер балама әдістер де қолданған болатын.

Батыс пен Шығысты, отырықшылық пен көшпелілікті үйлесімді қоса алған Ұлы Жібек жолы мәдени ауысуларын мәдениеттанулық тұрғыдан талдау арқылы халқымыздың қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаны игеру барысында қалыптасқан сұхбатшыл мәдениетін айқындау, мәдени ауысулардың тетіктерін анықтау зерттеудің басты мақсаты болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында мынадай міндеттер туындайды: - мәдениеттің партикулярлық емес ұстындары негізінде өркениетаралық байланыстардың тарихи типтері мен формаларына тән заңдылықтарды Ұлы Жібек жолы феномені кеңмәтінінде ашып көрсету; сұхбат құбылысының мәдениетке жасайтын ықпалын анықтау; - Ұлы Жібек жолына қатысты мәдениеттанулық, тарихи-философиялық және этнографиялық зерттеулердегі өзіндік “философемаларды” деректі суреттемелік баяндаулардан ажыратып, оларға мәндік, салыстырмалық және қисындық талдау беру; - Ұлы Жібек жолы феноменінің мәдени ошақтарын анықтап, оларды мәдени артефакт ретінде қабылдап, нақтылы өркениеттердің материалды және рухани әдептік тұтастығын бойына толық сіңірген мәдени құндылықтарды айқындау; - көшпелі мәдениеттер мен отырықшы өркениеттердің арақатынасы ерекшеліктерін зерттеу арқылы бұл үрдістегі Ұлы Жібек жолы мәдениетінің рөлін айқындау; - жаһандық мәдени сұхбаттастық аясындағы Ұлы Жібек жолы мәдениетін феноменологиялық, тарихи және мәтіндік талдау арқылы мәдени ауысулардың қазақстандық өркениеттілік қалыптасуындағы маңыздылығын көрсету; - Ұлы Жібек жолы мәдениеті құндылықтарын бүгінгі күннің шешілмеген әлеуметтік-рухани мәселелеріне қатысты зерделеу [3, 5 б]

Ұлы жібек жолы, оны терең зерттеген қазақстандық ғалым К. Байпақов атап өткендей, Шығыста Қытай империясынан басталып, Батыста Рим империясында аяқталды. Бұл жол Кушан, Соғды және Парфия империяларын басып өткен жүктерді тасымалдап жеткізуді Еуразияның таулы және далалық аймақтарын мекендеген малшылар іске асырған. Ұлы Жібек жолын тек тек аграрлық империяларды 15 ғасырдан артық уақыт қойып тұрған артерия ретінде қарастыру шекті болады, себебі бұл отырықшы мемлекеттер өзара түйіспей, мұхиттағы аралдар сияқты оқшау тұрған, ал оларды түркілердің көшпелі ұлыстары байланыстырып келді. Негізгі мәдени ауысулар қазіргі Оңтүстік

Қазақстан мен Жетісу бойымен өтті, яғни бұл ареалды өркениеттердің тоғысқан жері деп қарастыруға болады. Ұлы жібек жолы бойында еуразиялық көшпелілер біртіндеп өркениеттенуді бастарынан өткізді, 23 олар өз ордаларын, қалаларын, керуен сарайларын салып, саудаға бақылау жүргізді. Бұл кезеңде отырықшы өркениет көшпелілердің қару-жарақ, ат әбзелдерімен, әр түрлі бұйымдарымен танысып, өздеріне қабылдады.

Қазіргі жаһандандудың алыс үлгісі ретінде Ұлы Жібек жолы Ұлы географиялық ашуларға дейін өмір сүрген. Ол тек өркениеттің индустриялық толқынына түрлі себептермен ілесе алмады. К. Байпақов атап өткендей, «Ұлы Жібек жолы 2 мың жыл бойы өмір сүрген. Ол әлем тарихында дара ерекше құбылыс болды, Тынық мұхит пен Атлант мұхитының арасындағы көптеген халықтарды біріктірді. Жібек жолы деген ат толық мағына бермейді. Жібекпен сауда жасау б.з.д. II және б.з.д. I мыңжылдықта ғана болды. Ұлы Жібек жолы әр түрлі сауда, мәдени жаңалық және жаңа ойлардың таралу жолы, Еуразиядағы көшпелілер мен отырықшы халықтардың даму жолы болды. Жібек жолы өркениет жолы болды». Ұлы Жібек жолы қашанда тек бір маршрутпен өтпеген және оның көптеген баламалары мен алғы нұсқалары болған. Бастапқы кезде асыл тастарды сатумен қатысты «Лазурит жолы», «Нефрит жолы» деп аталатындар табысты әрекет еткен. Олар Солтүстік Ауғанстандағы Бадахшан тауынан лазурит кені және Қашқариядағы Хотан аймағындағы Жаркент өзенінің маңайынан нефрит кені ашылуына орай жолға қойылды. Ұлы Жібек жолының алғашқы нұсқалары мен параллельдері б.д.д. III-II мыңжылдақтарда басталған. Осындай Ұлы Жібек жолының бір сыңарына Қазақстан аумағына қатысты б.д.д. I мыңжылдықтың орта кезінен әрекет еткен «Дала жолы» деген жатады. Көне заман білгірі Геродот бұл жолдың мынадай бағытта болғанын атап өтеді: «Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты». К. Байпақов атап өткендей, жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәірімізге дейінгі I мыңжылдық саналып келеді. Алайда Чжецзян провинциясында, Тайху көліне таяу маңда қазба жұмысын жүргізген қытай археологтары неолит дәуіріне жататын жібек маталар, белдіктер мен жібек жіптер тапты. Бұл маталар жасы біздің дәуірімізге дейінгі 2750 ж., оларды талдап анықтау жұмысы сол кездің өзінде-ақ, яғни бұдан бес мың жыл бұрын дерлік, жібек жасап шығару кәсібі қарапайым әдістер кезеңін бастан кешіп үлгергенін көрсетіп берді. Біздің дәуірімізге дейінгі YI-Y ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, оның ішінде Батысқа да шығарыла бастады. Алтайдағы Пазырықтың «патша» қорғандарының бірінен біздің дәуірге дейінгі Y ғасырды көрсететін феникстер қолымен өрнектеліп тігілген жібек жамылғы (ат жабуы) табылды. Сондай-ақ, Оңтүстік және Батыс Европа аудандарынан біздің дәуірімізге дейінгі YI-Y ғасырларға жататын қабірлерден жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар мен шашақтар да табылған. Бірақ Ұлы Жібек жолының ашылу және өркендеу құрметін тек қытайлықтармен шектеу дұрыс емес, көп ұзамай халықаралық сауда тізгіні соғдылықтар, парсылар, тохарлар, сириялықтар, таңғұттар ж.т.б. і қолына көшті. Шығыс Түркістанның, Тохардың қалаларында және Қытайдың Ланчжоу, Дуньхуан, Чаньан тәрізді қалаларында соғдылықтардың сауда отарлары болды. Мәселен, Дуньхуанда мыңға тарта соғдылықтар тұрды. Соғдылар Жібек жолы таусылған жерден Жапонияға басып кіріп, Жапонның ежелгі астанасК. Байпақовтың сараптауы бойынша, Қытайдан Батысқа Ферғананың үстінен өтіп баратын бұрынғы қысқа да қолайлы жолға қарағанда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жаңа жол YI-YII ғасырларда барынша жандана түсті. Жолдардың бұлайша алмасуының себептерін былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда Орталық Азия арқылы өтетін сауда жолдарын қадағалап отыратын түрік қағандары отырды. Екіншіден, Ферғанадан өтетін жол YII ғасырдағы өзара қырқысулар салдарынан қауіпті жолға айналды. Үшіншіден, түріктің ауқатты қағандары мен олардың қолдаушылары теңіздің арғы бетінен әкелінетін тауарларға құштар ірі тұты.

Ұлы Жібек жолы Жаңа дәуірге дейін Шығыс пен Батысты түйістіріп тұрған жол бас жолға айналды, мәдени ауысулар осы артерия бойынша өтті, онымен елшілер мен сауда керуендері, өнерпаздар мен діни ағымдар толшастамақ ағып жатты. Алайда Ұлы Жібек жолының маңыздылығы Батыс өркениеті дәуірлеп өсіп шыққанда толық өзгеріссіз қала алмады. Жүздеген жылдар бойында ол біртіндеп тарылып кетті, отарлау саясаты басталды, теңіз жолы ашылды. Бірақ бұл үрдістер кейін жүзеге асты, орта ғасырларда негізгі Ұлы Жібек жолы торабы Сирия - Иран - Орта Азия - Оңтүстік Қазақстан - Талас алқабы - Шу алқабы - Ыстықкөл қазан-шұңқыры - Шығыс Түркістан арқылы тартылады. К. Байпақовтың дәлелдеуінше, бұл жолдың тармақталған бір бұтағы, дәлірек айтқанда тағы бір жол Византиядан Дербент арқылы шығып, Каспий жағалауын - Маңғыстауды - Арал жағалауын - Оңтүстік Қазақстанды кесіп өтіп, жоғарыда аталған негізгі жолға келіп қосылды. Батыс түрік қағанаты Византиямен сауда-дипломатиялық одақ келісімін жасасқан кезде бұл жол 26 олардың қарсыласы Сасанидтік Иранды айналып өтті. Дегенмен IX-XII ғасырлада Орта Азия, Орта және Таяу Шығыс, Кіші

Азия арқылы Сирияға, Египет пен Византияға баратын жолға қарағанда бұл жол тиімсіздеу пайдаланылды. Алайда, ол жол ХІІІ-ХІҮ ғасырларда қайта жанданды. Бұл құрлықтағы саяси жағдайларды дипломаттар (елшілер) мен ірі саудагерлердің (көпестердің) және басқа саяхатшылардың талап-талғамдары реттеп отырды ы Нараны биледі. Сондағы храмдардың бірінде соғды тілінде жазылған қолжазба сақтаулы тұр. Ұлы Жібек жолы туралы айтқанда оның Қазақстан жері үшін аса маңызды болғанын есте ұстау керек. Өйткені қалыптасқан таптауырын бойынша еуразиялық Дала аймағы «варвар» көшпелілерден басқа мәдени үрдістерді басынан өткізбеген. Бірақ шын мәнісінде бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Тарихшылар оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпелілер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық-саяси қауымға бірлескен тайпалар еді дейді. «Отырықшылар (жатақтар) мен көшпелілердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүние жүзілік өркениеттің қызыл арқауы - күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды. Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі ҮІ-ІІІ ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандардағы қабірлерден, оның ішінде Бесшатыр, Есік, Түгіскен қабірлерінің табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланыс болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Ираннан әкелінген аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдар да куә бола алады. Қам кесектен (өңделмеген кірпіштен) салынған Түгіскендегі сәулетті де берік үй-там (мазар) құрылысы оған шетелдік шеберлер қатыстырылған болуы керек деген ойға келтіреді. Біздің дәуірімізге дейінгі ІІ және І мыңжылдықтың орта шенінде үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері өмір сүріп, Жібек жолы жұмыс істеп тұрған кезде мұнда римдік әйнектер мен теңгелер (монеталар), қытай жібегі мен айналары, сырлы ыдыстар, еуропалық қарсы ілгектер (фибула) мен Сасанид Иранынан әр түрлі мөр-тастар жеткізіліп тұрған. Ұлы Жібек жолы мәдениетінен шығатын бір қорытынды аграрлық өркениеттегі қала мен оның маңайындағы жер өндеушілер мен бақташылардың арақатынасындағы көптүрліліктің жасампаздық сипатымен байланысты. Кезінде А. Тойнби атап өткендей, кез келген мәдени құрылымда шығармашыл немесе басқарушы элита, ішкі және сыртқы пролетариат бар. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің элитасына отырықшы империялардағы билеуші топтармен қатар, Іле, Шу, Талас және Сырдария алқаптарында қала орталықтары, дихандардың алғашқы тектері орналасқан елді мекендердегі көшпелі-отырықшылардың тұлғалары да жатты. Солардың көпшілігі туралы деректер қазір Тянь-Шань тауы етегінен, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы алқаптардан ашылып отыр. Бұл жерде Ислам Ренессансы өкілдерімен қатар, 27 қолдары алтын зергерлер мен құмырашыларды, әскербасыларды, діни қайраткерлерді айтсақ та жеткілікті. Ұлы Жібек жолы осы кезде жанданып, Орталық Азия қалаларындағы жоғары мәдениеттің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. «Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзына-бойында тұрған немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне септігін тигізді. Бұл жерде осындай қалалардың қаулап өсуінің өзі К. Маркстің керуен жолы Шығыс қалаларының гүлденуінде айрықша рөл атқарды деген ойын одан әрі айқындай түседі» [4, 22-27 бб]

Жазушы Бексұлтан Нұржекенің жазуынша, ертеде түркілер жібек матасының қалай жасалатындығынын білу үшін пысық бір жігітті Қытайға сапарға аттандырған көрінеді.

Ол барған жерінде қалың шашты бір қызға үйленеді де, оның шашын ұп-ұсақ қырық өрім етіп өргізеді. Сөйтіп әр өрімнің түбіне бір, ұшына бір жібек құртын тығып, сексен жібек құртын Қытай елінен алып өтеді. Міне, дәл осылай түркі халықтары арасында да жібек мата өндірісі қолданысқа ене бастайды.

Л.Н. Гумилевтің «Көне түріктер» атты еңбегінде былай көрсетеді: саудада ең маңызды тауар - жібек болды, ол Еуропаға Август кезеңінен бастап келе бастады. Византияның жібекке деген сұранысы өте жоғары бола-тын, себебі сарай мен аристократтардың қажеттілігінен басқа, қосымша әскерді жал-дау барысында жібек валюта есебінде са-налды. Жібек арқылы Византия Еуропадан одақтастарды, жалдамалыларды, кез келген тау-ар мен құлдарды жалдай алатын. Жібек Византияда алтын мен бағалы тастармен қатар бағаланды. Дегенмен Византияны бағалы тауармен қамтамасыз ететін артерия Солтүстік Иран мен сасанидтер жері арқылы өтетіндіктен, олар керуен жолын уысынан шығармады. Сондықтан жібек өнімінің көп бөлігін өздеріне қалдырып, батыс елдеріне өздерінің белгілеген бағасы бойынша сатып отырды. Византиялықтар ирандықтардың жібектің бағасын жоғарылатуына қарсы бол-ды, себебі Иранның күшеюі Византияға қауіп төндірді. 531 жылы Византия королі Юстиниан африкандық саудагерлерді делдал ролін өз қолдарына алуға көндіруді көздеу мақсатымен Эфиопиямен келіссөздер жүргізеді, дегенмен парсылардың үнді порттарындағы үстемдігі ба-сым болғандықтан,

эфиопиялықтар жібекті са-тып алу монополиясын қолдарына ала алмай, 552 жылы жасалған бейбіт келісім бұрынғы сау-да дәстүрін қайта қалпына келтірді.

Айта кететін жайт, Қазақстан аумағындағы тайпалар мен ежелгі мемлекеттер Жібек жолы бағытында орналасқандықтан, сауда жолының өркендеуіне ежелден бастап өзіндік үлес қосқан.

Шет жерлерден әкелінген жібек, жүн маталар көшпенділер тұрмысына өте көне заманда енген. Біздің жерімізді мекендеген ғұн тайпалары Қытайда шығарылған жібек, мақта маталарды сый ретінде, соғыстан төскен олжа және шаруашылық өнімдеріне айырбастап алған. Сырдариядағы Жетіасар қорғандарынан қызыл күрең жібек маталардың бөліктері табылған. Бұл Орта Азия территориясынан өткен Ұлы Жібек жолы керуенінің маталарын көптеген халықтар сатып алғандығын көрсетеді. зіне қаған жасаған қабылдауды суреттей келіп, Сюань-Цзян түрік ақсүйектерінің жібек киімдерінің сән-салтанатын талай рет атап көрсетеді және өзінің сыйлыққа «қызыл күрең сәтеннен тігілген толып жатқан киім жиынтығы мен елу тай жібек» алғанын да хабарланды. Бұл көріністе Шығыс пен Батыс саудасының негізгі енімі, ертедегі және орта ғасырлардағы құрлықаралық ұлы жолға атын берген жібек ерікті болсын, еріксіз болсын бірнеше рет айтылады. Бұл жолдың қашан «іске қосылғаны» туралы сұраққа осы кезге дейіі түрлі жауап қайтарылады. Егер «Жібек жолының» жекелеген учаскелердің түп-негізі туралы айтар болсақ, қарым-қатынастар мен айырбас байланыстарының басы уақыты жағынан б. з. б. III-II мыңжылдықтарға барып тіреледі. Бұл байланыстар Бадахшан тауларында көктас және Жаркентдария өзенінің жоғарғы ағысында, Хотан аудандарында нефрит кеніштерінен кен қазылуы себепті жолға қойылған еді. Бадахшанда өндірілген көктас Иранға, Месопотамияға, Анадолға, Мысыр мен Сирияға шығарылды. I мыңжылдықтың орта шенінде Бадахшанның көктасы Қытайға апарылады.

Орта Азия мен Орта Шығысты Жерорта теңізімен және Үндістанмен жалғастырған «Көктас жолымен» қатар Шығыс Түркістанды Қытаймен байланыстырған «Нефрит жолы» да болды.

Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде «Дала жолы» жандана бастады, егер тарихтың атасы Геродоттың суреттеуіне ден қойсақ, оның мынадай бағыты айқын болады: ол Қара теңіз өңірінен Дон жағалауына, содан соң Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтар жеріне, Ертіске қарай, одан әрі Алтайға, Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлі маңын мекендеген агриппейлер еліне шыққан. Бұл жолмен аң және мал терілері, иран кілемдері, қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдар таралған.

Таяудағы кездің өзінде жібектің ойлап табылуы және онымен сауда жасау б. з. б. I мыңжылдық кезіне жатады деп саналып келген еді. Алайда Тайху көліне жақын жерде, Чжецзян провинциясында қазба жұмыстарын жүргізген қытай археологтары неолит дәуіріне жататын жібек маталар, белдік пен тоға тапты. Матаның мезгілі - б. з. б. 2750+100 жж. Оған жасалған талдау сол кезге қарай-ақ яғни осыдан бес мың жылдай бұрын жібек тоқу қарапайым сатыдан шыққанын дәлелдейді. Б. з. б. VI-V ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, соның ішінде Батысқа да шығарыла бастаған. Алтайдағы Пазырық «патшалық» обаларының б. з. б. V ғасырдағы деп саналатын біреуін қазған кезде феникс кестеленген жібек көрпе табылды. Оңтүстік және Батыс Европа аудандарында б. з. б. VI-V ғасырлардағы қабірлерден жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар мен шашақтар шықты.

Қымбат тұратын жібектердің таралуына сақтар мен скифтердің кешпелі тайпалары қатысқан, сол кездегі ғажайып товар Орталық Азия мен Жерорта теңізі өңіріне солар арқылы жеткен. Алайда, VI-IV ғасырлардағы Жібек жолы туралы айтуға бола қоймас, қымбат товарлар дала өңірі арқылы жеткізілген, ол 40-параллель маңынан өткен және Хуанхэ өзенінің үлкен иіндерінен басталып, Алтайдың шығыс және солтүстік сілемдерін, Қазақстан мен Қара теңіз өңірі далаларын кесіп өткен де, гректер мен этрускілер жеріне жеткен деп шамалау дұрысырақ болды. Жібек Үндістанға сол кезде барған, мұны «сина патго» - «қытай жібегі» деген сөз дәлелдейді.

Б. з. б. I ғасырдың ортасында ғана «Жібек жолы» тұрақты дипломатиялық және сауда жолы ретінде пайдаланыла бастайды. Ал бәрі 138 жылы, император У-ди Батыстың беймәлім елдеріне жіберген Чжан-Цзянға ерген елші керуені Хань астанасынан шыққан кезде басталған еді. Чжан-Цзян 13 жылдан кейін қайтып орадды. Ол қазіргі Ауғанстан аудандарына дейін жетіп, Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға бірінші болып тура жолмен жүріп өтті. Осының ізінше Батысқа - жібек артқан керуендер аттанып, ал Қытайға Жерорта теңізі жағасынан, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан товарлар әкеліне бастады.

Көп кешікпей халықаралық сауда Орта Азиядағы Зеравшан және Қашқадария аңғарларында орналасқан ел - Соғдыдан шыққан саудагерлердің қолына көшті. Соғдылардың Шығыс Түркістандағы «Тохарлық» қалаларда және Қытайдың Ланчжоу, Дунхуан, Чаньан сияқты қалаларында сауда колониялары болды. Мысалы, Дунхуанда мыңға тарта соғдылар тұрған. Соғдылар Жапонияға өткен, жібек жолы жапондардың ертедегі астанасы Нараға жетіп аяқталған. Осындағы бір ғибадатханада соғды тілінде жазылған қолжазба сақтаулы. [5, 30-33 бб]

Ұлы Жібек жолы феномені көшпелі мәдениеттің көшпелі мәдениеттің сұхбат пен мәдени ауысулар жағдайында жоғары дәрежеде жасампаздыққа ие екендігін дәлелдейді. Қазақтың және оның ата-тектерінің әлемдік өркениеттілік дүниесіне қосқан басты құндылықтарына жататындары: а) еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруде адамзат тарихындағы бірінші жетістікке жетті (К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану); ә) номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейіттерді үйлесімді игере алды; б) еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (А. Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үдерістер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себебі болды (Үнді, Иран, Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.т.); в) Ұлы жібек жолы және басқа да мәдени коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер мен түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың сұхбатына себепкер бодды; г) қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып енгізді; ғ) түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі - тәңіршілдік адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды; д) "Адам бол!" ұстанымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, ғарыш және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен баланы қастерлеу сияқты 119 қазақ дәстүрлі әдебінің құндылықтары қазіргі руханиятта ерекше орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байпақов К.М., Нұржанов А.Н. Ежелгі Қазақстанға саяхат: Ұлы Жібек жолы. - Алматы: Өнер, 1992.
2. Ахметжанов Д. Ұлы Жібек жолы бойындағы мәдени мұра және тарихи сұхбат. - Алматы: Өнер, 2013.
3. Ғабитов Т.Х. Философия және мәдениеттану. - Алматы: Жазушы, 2005.
4. Шораев Б.К., Оспанова А.К. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың сауда саттықтағы рөлі // Мәдени мұра, 2024.
5. Байпақов К. М. Ұлы Жібек жолы және Қазақстан. - Алматы: Қазақ университеті, 2012.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ

Ануарова Ж.Д.

Ғылыми жетекші: Г.Ғ.М., аға оқытушы А.Ж.Тулегенова
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
anuarova.z@bk.ru
Қарағанды қ.

Қазақстан тарихын оқытудағы деректерді талдау қазіргі заманғы білім берудің маңызды саласы ретінде танылуда. Соңғы жылдары тарихи деректердің сандық форматқа көшуі, олардың көлемі мен құрылымдық күрделілігінің ұлғаюы бұл материалдарды тиімді меңгеруді талап ететін жаңа әдістемелік тәсілдердің пайда болуына себеп болды. Зерттеушілердің пікірінше, жасанды интеллект негізіндегі аналитикалық құралдар тарихи деректерді тереңірек түсінуге, дереккөздер арасындағы байланысты анықтауға және фактілік дәлдікті тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар білім алушылардың аналитикалық ойлауын және деректерді өңдеу дағдыларын дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Сондықтан, Қазақстан тарихын оқытуда жасанды интеллект негізіндегі деректерді талдау маңызды білім беру ресурсы болып саналады және оның оқу процесін жақсарту әлеуеті белсенді түрде зерттелуде.

Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында заманауи технологияларды оқу процесіне енгізудің маңыздылығы ерекше атап көрсетілген [1]. Оның ішінде жасанды интеллект, машиналық оқыту, робототехника және Заттар интернеті сияқты технологиялар негізгі назарда. Осы контексте, жалпыға міндетті білім беруде жасанды интеллект пен нейрондық желі технологияларын жүйелі түрде, ғылыми негізге сүйене отырып қолдану бүгінгі күннің өзекті ғылыми-практикалық мәселелерінің бірі болып отыр. Мұндай тәсіл болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға, білім сапасын жоғарылатуға және цифрлық дәуір талаптарына тиімді бейімделуге мүмкіндік береді [2].

Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректерді жүйелі талдап, оларды дұрыс интерпретациялап, логикалық қорытынды жасау - маңызды міндеттердің бірі. Дәстүрлі тәсілдер көбінесе сарапшының жеке пікіріне сүйеніп, фактілерді салыстыру арқылы жүргізіледі; ал жасанды интеллект (ЖИ) осы